

**ТО ДСБ «№1 Облыстық перинаталдық орталығы» ШЖҚ МКК
ұжымы жалпы жиналышының хаттамасы**

16 маусым 2023 жыл

Шымкент қаласы

**Жалпы жиналышқа төрайымдық етуші, ұжымның басшысы
Налибаева Р.К.;
Жиналыш хатшысы, зангер Рахымбердықызы А.**

Жиналышқа қатысушылар: «№1 Облыстық перинаталдық орталығы» ШЖҚ МКК ұжымының қызметкерлері (жеке қолдары қойылған тізімі қоса тіркеледі).

Жалпы жиналыш күн тәртібіне төмендегі мәселені қарауды енгізді:

- «№1 Облыстық перинаталдық орталығы » ұжымының қызметкерлерінің қатысуымен Қазақстан Республикасы Еңбек Кодексінің 2015 жылғы 23 қарашадағы Заңына және мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2022 жылды 02 ақпанындағы №802 Жарлығымен бекітілген, Қазақстан Республикасының сыйбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының 2022 – 2026 жылдарға арналған тұжырымдамасы туралы баяндама жасау, оны талқылау және бұқара алдында түсіндіру жұмыстарын жүргізу.

Төрайымдық етуші, басшы Р.Налибаева күн тәртібінде бекітілген мәселе бойынша баяндама жасау үшін зангер А.Рахымбердықызына сөз берді.

Баяндамашы А.Рахымбердықызы өзінің баяндамасында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев сыйбайлас жемқорлыққа қарсы курес мәселелері жөнінде кеңес өткізгендігін, аталған саясатқа өзегрістан мен толықтырулар енгізілгенін, Президенттің сыйбайлас жемқорлыққа қарсы курес тұжырымдамасы бойынша жасалған іс-шаралар мен олардың нәтижесі және косымша жоспарлары туралы түсіндірілді.

Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың міндеттері:

- 1) сыйбайлас жемқорлыққа төзбеушілікті қалыптастыру;
- 2) сыйбайлас жемқорлықтың мүмкіндіктерін жою;
- 3) жауапкершіліктің бұлтартпастығын қамтамасыз ету жөніндегі шараларды жетілдіру;
- 4) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-кимылда азаматтық қоғамның рөлін күшешту;
- 5) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы шараларды іске асырудың тиімді мониторингін қамтамасыз ету;
- 6) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-кимыл жөніндегі уәкілетті органның қызметін одан әрі жетілдіру.

Қазақстанның сыйбайлас жемқорлыққа қарсы саясаты қоғамның сұраныстарына қарай, үлттық практика мен озық шетелдік тәжірибелі ескере отырып, ұдайы жетілдіріліп отырады. "Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-кимыл туралы" Заңының кабылдануына орай алдын алу және

қылмыстық-құқықтық құралдардың ақылға қонымды төңгерімі бар сыйлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шараларының жүйесі құрылды. Сыйлас жемқорлыққа қарсы ағарту және оның кез келген көрінісіне мүлдем төзбеушілік жағдайын қалыптастыру арқылы азаматтық қоғам сыйлас жемқорлықпен қуреске белсенді түрде тартылуда. Жобалық басқару шенберінде әрбір мемлекеттік орган үшін сыйлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша үлгілік базалық бағытты енгізу сыйлас жемқорлыққа қарсы қызметтің үйлестіруші әлеуетін күшейтті.

"Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы" жаңа Заңмен мемлекеттік қызметтің "мансалық" моделіне көшу қамтамасыз етілді, ашық конкурстық іріктеу, құзыреттілік негізінде ілгерілету тетіктері арқылы меритократия қағидаттары енгізілді. Командалық ауысулар үшін жасалатын жағдайлар азайтылып, мемлекеттік қызметшілердің тиімділігін бағалау жүйесі түбекейлі қайта қаралды, жұмыс нәтижелеріне байланысты еңбекке ақы төлеудің жаңа жүйесін сынап көру жүргізілді. Мемлекеттік қызметшілер, Парламент депутаттары мен судьялар үшін шетелдік банктерде шоттарды иеленуге сыйлас жемқорлыққа қарсы жаңа шектеу енгізілді. Қаржылық бақылау шаралары жетілдірілді. 2021 жылы мемлекеттік қызметшілер, оларға тенестірілген тұлғалар, сондай-ақ олардың жұбайлары жалпыға бірдей декларациялау шенберінде өздерінің барлық активтерін тіркеп, "кіріс" декларацияларын ұсынды. 2022 жылдан бастап кірістер мен шығыстарды салыстыру жүзеге асырылатын болады. "Ашық үкімет" электрондық платформасында ашық деректердің бес порталы құрылды: "Ашық бюджеттер", "Ашық НҚА", "Ашық деректер", "Мемлекеттік органдардың тиімділігін бағалау", "Ашық диалог". Бұл ресурстар азаматтардың бюджеттік бағдарламаларды, нормативтік құқықтық актілердің жобаларын талқылауға қатысуына, статистикалық ақпарат алуына және мемлекеттік органдар мен квазимемлекеттік сектор субъектілерінің басшыларына проблемалық мәселелермен жүргінуіне мүмкіндік береді. Астананың, республикалық және облыстық маңызы бар қалалардың тұрғындарына аумактарды абаттандыру, көгалдандыру және санитариялық тазарту жөніндегі жобаларға бастамашылық етуге мүмкіндік беретін "халық қатысатын бюджет" енгізілді. Сыйлас жемқорлыққа қарсы әзірленген шаралар сыйлас жемқорлықтың, әсіресе, "тұрмыстық" сыйлас жемқорлықтың алғышарттарын кешенді түрде жоюға, жауапкершіліктің бұлтартпастығын қамтамасыз етуге, азаматтық қоғамды сыйлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға кеңінен тартуға бағытталатын болады.

Сыйлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті арттыру, тәрбиелеу және білім беру шараларын жүйелеу, мемлекеттік аппарат пен бизнес-қоғамдастық өкілдерін парасатты мінездүкіншілік ынталандыру арқылы сыйлас жемқорлықты мүлдем қабылдамауға қол жеткізілетін болады.

Мемлекеттік органдар, ұйымдар, квазимемлекеттік сектор субъектілері сыйлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылда, оның ішінде олардың нақты үлесін бағалаудың жария жүйесін енгізу арқылы барынша мүдделі және белсенді болады.

Жалпы жиналысқа қатысушылар баяндамашының жасаған баяндамасын талқылау барысында өз пікірлерін ортаға салып, сыйбайлас жемқорлық пен құқық бұзушылықтың зиянды зардаптарын жою, олардың алдын-алу және барлық мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдар өз құзіреті шегінде күрес жүргізуі, яғни жемқорлықпен күресу керектігі жөнінде ойларымен бөлісті.

Жалпы жиналыс күн тәртібінде каралған мәселе бойынша

ШЕШІМ ЕТТИ:

- Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2022 жылы 02 ақпанындағы №802 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының сыйбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының 2022 – 2026 жылдарға арналған тұжырымдамасыталаптарын мекеме қызметкерлері тарапынан назарға алуды, оны кеңінен талқылауды және белсенді түрде түсіндіру жұмыстарын жүргізуді;
- ұжым қызметкерлері арасында сыйбайлас жемқорлық пен құқық бұзушылықтың зиянды зардаптарын жою, олардың алдын-алу мәселесін үнемі талқыладап отыруды.

Жалпы жиналыс төрайымы

Жалпы жиналыс хатшысы



Налибаева Р.К.

Рахымсөрдікызы А.